

ӘЛ ФАРАБИ ЖӘНЕ АБАЙ

Ермекова Д.К.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., оқытушы Муратова М.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,

ermekova100@mail.ru

“Егерде бізге осы ХХ ғасырда әл-Фарабиге ең жақын, рухани сабақтас адам барма десе, алдымен ол Абай дер едік. Әл-Фараби мен Абай арасын жақындастыру, оларды үндестіру - біздің халқымыздың мыңжылдық мәдени-рухани дүниесін тірілту деген сөз.

Демек, бұл зор мақсатты халықтық іс деп білу керек”.

Ақжан МАШАНИ

Тұлға философиялық тұрғыда адамды «адам» ретінде тануға, яғни оның рухани-адамгершілік, ділдік, мәдени қырларына баса назар аударумен пайымдалады. Тұлға қоғам мүшесі ретінде қарастырылып, оның әлеуметтік қырлары, саналы қоғамдық әрекеті жан-жақты зерттеледі. Қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласының қай-қайсында болсын адам орталық мәселе болғандықтан олар тұлға ұғымын ортақ қолданып, әрқайсысы әр қырынан зерттеп-таниды және осы ғылым салаларының зерттеу нәтижелерінің өзара ықпалдастығы мен бір-біріне әсері бар.

Әлемнің екінші ұстазы ретінде танылатын Әбу Насыр Мұхаммад ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби ат-Түрки ІХ ғасырда, яғни 870 жылы Весидж бекінісінде дүниеге келген. Весидж бекінісі Оңтүстік Қазақстандағы Отырар шаһарында орналасқан. Кейіннен шаһарды арабтар жаулап алған соң ол Фараб аталып кеткен болатын. Отырықшы егін шаруашылығы мен қала мәдениетінің дәуірлеу кезеңінде Отырар қаласы сауда мен мәдениет орталығы болып есептелді. Өркендеу жолындағы осындай қаладан шыққан Әл-Фарабидің басқа тағы отызға жуық ғұламалардың аты белгілі. Алайда осы отыз тұлғалар ішінде мықтылардың бірі де бірегейі Әл-Фараби бабамыз. Әл-Фарабидің есіміндегі «ат-Түрки» тіркесі ғұламаның түркі халқынан шыққанын білдіреді. Ал «әл-Фараби» тіркесі оның Фараб қаласында туылғанының белгісі. Осы және басқа да мәліметтерге сүйене отырып, Әбу Насыр Әл-Фарабидің отаны қазіргі біздің Қазақстан деуге болады. Алайда бұл бүгінгі күнге дейін даулы мәселе. Әр ел Әл-Фарабидей алып тұлғаны өз халқының тумасына айналдыруға тырысады [1, 10 б.].

Абай нағыз адам мұратын қалыптастырып қана қойған жоқ, сонымен бірге ол мақсатқа жетудің шынайы жолын көрсетіп берді. Абай шығармашылығындағы сондай-ақ адам бойындағы қайырымдылық, қанағат секілді адамның қалыптасуына себепші иманды қасиеттер де талданған. Кант, Достоевский тәрізді ұлы гуманистер "қайырымдылық", "қарапайымдылық" секілді ұғымдарды тұлғаны қалыптастыратын басты белгі деп қарастырған. Нағыз адамды білімділік, ақылдылық, біліктілік, ғылымсүйгіштік қасиеттер анықтайды деп тұжырымдайды. Дана ақынның пайымынша, адамшылықтың мұратына жетудің негізгі құралы - шығармашылық ойлау. Абайдың айтуында, ой кісіге табиғат құбылыстарын ғана емес, адам өмірін талдау, қорыту, салыстыру үшін берілген. Нағыз адам мұратына жетудің екінші шартын Абай еңбек, қызмет деп есептейді. Ақын еңбек туралы да жаңа сөз айта алды. Ол қазақ қоғамында еңбек туралы жаңа түсінік қалыптастырды. Абайдың айтуынша, еңбек - жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы. Еңбектің өмір сүру құралы екендігін баршаға насихаттайды. Ғылымды игеру, тану, білімді болу - табан ақы маңдай тердің, еңбектің мәні. Сондықтан ақын еңбек пен мақсатты өлеңдерінде асқақтата жырлады.

Қазақтың майталман тұлғалары Абай мен Әл-Фараби әр ғасырда өмір сүргенімен, екеуінің айтқан ғибратты сөздерінің арасында үлкен байланыс жатыр. Біз бұл ғұламаларды, өздері айтқан ғылыми - танымдық ойлары арқылы танып білеміз. Абай мен Әл-Фарабидің

ой-толғамдары халықтың үлкен мұрасы. Біз бұны Ә. Х. Марғұланның айтуынша: Абай мен Әл-Фарабидің көздегені адамдардың рухани байлығы, олардың бақытты болуы мен әсемдікке ұмтылуы болып табылады [2, 5б.].

Ұлы тұлғаларымыздың қатарында, қазақ руханияты шыңының бір басында бүкіл шығыс елін мойындатқан Әбу Насыр әл-Фараби тұрса, екінші басында өзіндік гуманистік ойларымен тәңгі еткен Абай Құнанбайұлы тұлғамыз тұр. Әбу Насыр әл-Фараби және Абай Құнанбайұлы секілді ұлы тұлғалар арқылы қазақ даласында ежелден жазу мен сызудың, өркениеттің, ғылым мен білімнің, музыка, жазба әдебиеттің бүкіл әлемге паш етуге мүмкіндігіміз бар.

Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың қазақ топырағында дүниеге келгенін қазіргі таңда бүкіл әлем мойындап отыр. Осы орайда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылдың қараша айында жарық көрген «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Орасан зор кеңістікті игере білген түркілер ұлан-ғайыр далада көшпелі және отырықшы өркениеттің өзіндік өрнегін қалыптастырып, өнер мен ғылымның және әлемдік сауданың орталығына айналған ортағасырлық қалалардың гүлденуіне жол ашты. Мәселен, орта ғасырдағы Отырар қаласы әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі - Әбу Насыр Әл-Фарабиді дүниеге әкелді» - деп атап өткен еді.

Ойшылдарымыздың шығармашылығына назар аударар болсақ, ұрпаққа қалдырып кеткен даналық ой-толғамдары әр түрлі сөзбен жеткізілсе де, айтар ой, көздеген мақсат бір болатын. Бұл тұста, ғалым Ә. Х. Марғұланның: «Абай мен Әл-Фарабидің көздегені адамдардың рухани байлығы, олардың бақытты болуы мен әсемдікке ұмтылуы болып табылады» [2, 7б.], - деген пікірі осы айтылған ойға саяды.

«Әл-Фараби мен Абай арасын жақындастыру, оларды үндестіру, біздің халқымыздың мың жылдық рухани, мәдени-рухани дүниесін тірілту деген сөз. Демек бұл зор мақсатты халықтық іс деп білу керек... Ал, осы екі алып тұлғаны жеке-жеке тануда едәуір істер істелгені рас. Бірақ бұлардың арасын жалғастырып тұрған ғажайып нәзік, тамаша берік рухани жіпті біз әлі таба алмай жүрміз: бірақ оның барын анық сезсек те, оны «көруден» әлі шалғай жатырмыз, – дейді зерттеуші ғалым А. Машанов [3, 7б.].

Ақжан Машанов шынайы ғылымдағы ұлы тұлғалардың ғұмырының мәңгілік екенін дәлелдеді. Кейінгі тарихи кезең-дердегі қазақ топырағынан шыққан ғұламалардың мұрасынан өткен дәуір ойшылдарының дүниетанымын, көзқарастарын іздеп, сабақ-тастықты, жалғастықты анықтап, жеке зерттеулер жүргізді.

...«Ел басына күн туған кездері қазақ халқының екі данышпен ұлының есімдері біздерге рухани демеу болары талассыз. Олар: бірінші - Әл-Фараби, екінші - Абай. Менің ұғымымда Абай ұлы данышпан, қазақтың ақылшысы, ұстазы, досы, халқымыздың тірегі, сенімі, ар мансабының әділ таразысы», - деп жазды.

Абай мұраларындағы ғылымға қатынасты одан әрі тереңдей талдады: «Абайдың ғылым жолдары жөніндегі өсиеттері көптеген өлеңдерінде бар. Ол кісінің 17 және 31-32-інші сөздері түгелдей осы мәселеге арналған». Абайдың білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға шарттарын көрсете келе, оның ғылыми жолына тоқта-лады: құмарлық-махаббат, шын-шылдық әдет, берік сенімділік, ғылымды дамытатын нұрлы ойлы парасат, жақсыны іске асырып отыратын батыл еңбек, шындықты сақтайтын ұстамды қайратты мінез» болуы тиіс. Ғалымның «Әл-Фараби және Абай» еңбегіндегі Абайды тануы осындай қорытын-дылармен тұжырымдалады.

«Ғақлия - нақлия», «ғаламның сәнді сәйкес жарастығы», «ғылым құдіреті», «жүрек таразысы - инсаф», «өмірдің өзі шындық» тәрізді қағидалар Әл-Фараби еңбегінен бастау алып, Абай шығармашылығында да өріс алған. «Абай жолын келешекте кеңейтіп адамдық, шындық жолы - Фараби-Абай жолы деп тануымыз керек...» [3, 10б.].

Зерделілердің осы айтып кеткен ой-түйіндерін бұл күнде ғылым растап отыр. Адамзат өз мекенінде жарастықпен тату-тәтті, ынсаппен қанағатпен ғұмыр кешпесе өз мекенін өзі

ойрандайды. Кешегі кеңес империясы кезінде ұлт басына түскен трагедия осыны дәлелдеп берді. Осыны көріп, болжағандай, дана Абайдың: «Адаспайтын хакімдер болмаса, дүние ойран болар еді» деген сәуегейлік сөзі мың жыл бұрын «Қайрымды қала адамдары» кітабында баба айтқан оймен астасып жатуы кездейсоқтық болмаса керек.

Дана Абайдың шығыс әдебиетімен кең таныс болғаны баршамызға мәлім. Шығыстың даңқты кемеңгер шайырларының туындыларын ақын ерте оқып, ойға сіңірген. Әсіресе, ол түркі, парсы тілінде жазған әйгілі данышпан ойшылдар еңбектерінен өшпес ғибрат алған. Фирдоуси, Сағди, Хафиз, Науаи, Физулилер кітаптары арқылы қазақ ақыны күллі шығыс елдерінің аңыз, тарих, мифтерін де танып білген[4, 746.].

Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты философиялық трактатында «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» сияқты ұғымдарға түсінік бере келіп: «Жүрек - басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес», - дейді. Әл-Фарабидің «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» жөніндегі философиялық тұжырымы Абайдың «Он жетінші сөзінде» өзінің логикалық жалғасын тапқан сияқты. Абайдың осы сөзінде «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» үшеуі әрқайсысы өзін мықты санап, айтысып, таласып, ақыры «ғылымға» келіп жүгінеді.

Әл-Фарабидің «қайрат», «ақыл» және «жүрек» жайындағы философиялық ой-пікірлерін Абай өзінің «Әсемпаз болма әрнеге» атты өлеңінде де әрі ойшыл-кемеңгер, әрі аса дарынды сөз зергері ретінде оқырманға зор шеберлікпен жеткізген. Абай ақыл мен қайраттың иесі болған адамды «жарты адам» дейді. Өйткені, ондай адам тек «суық ақыл» мен «жүгенсіз қайраттың» ғана өкілі. Ал, бо-йына осы екі қасиетпен қоса-қабат әділет-шапқат (жүрек) біткен адам ғана «толық адам», яғни, ол енді «нұрлы ақылдың өкілі» деп танылады. Сөйтіп, Абайдың «нұрлы ақыл» жайындағы тұжырымының қайнар-бастаулары Әл-Фарабидің интеллект туралы ілімінде жатқанын аңғарасың. Ғылым мен білімді дамытып, ерекше көңіл бөлгенде ғана - еліміз көркейіп, қарыштап алға басатынын ғұламалар қалай көрегендікпен айтқан десеңізші.

Ақыл мен адамгершілік, қайырымдылық өзара табиғи түрде байланысып жатқан құбылыстар екенін түсіндіреді. Сонымен қатар, Абайдың қара сөздерінде де, Әл-Фараби айтып кеткен ойлар сабақтасады. «Абайдың қара сөздері тұнып тұрған философиялық ой. Сол себепті де «философиялық трактаттар» деп айтуға әбден болады», - дейді абайтанушы ғалым Ә.Дастанұлы [5].

Қорытындылай келе,екі ғұламаның ғибратты,даналық сөздері оқырмандарына ой салып,түзу жолмен жүруге, адасып кетпеуіне ,артына мәңгілік қазына қалдыруға шындап кірісіп,бар өмірлерін қазақ халқы үшін арнады.Адамның мәңгілік жасамайтынын, мәңгі жасайтын оның қолтаңбасы және еңбектері екенін білді.Ғибратты сөздерінің мағынасы өте терең болғаны.Ғұламалардың көптеген өлеңдері сияқты қара сөздерінде де нақыл сөздер көп пайдаланылған.Яғни,өшпес , ақылды ,қайратты сөздерімен қазақ халқына ой салған тұлғаларымыз ешбір азаматтар мен азаматшылардың есінен кетпес деп ойлаймын.Абайдың қара сөздерін оқығанда кез-келген адам терең ойға батады. Адам баласының білмегенін білдіріп,жақсы мен жаманды айыра білу,тек түзу жолмен жүрсең ғана маңызды өмір сүретініне қара жолақ пен ақ жолақ салып берді десе де болады. Жаман әдетке бармау,оған кезіккен адамның жұмысының алға баспауын,алға тарта отырып,адам баласы тек білім,оқу,іздену,ғылым арқылы өз ісін алға қарай жалғастыра алатынын көрсетіп,алға ілгері басуды арман еткені белгілі.

Біз жас ұрпақ ұлы ойшылдың ақыл кеңестерін болашақ жас балапандардың санасына ұялатып,әрі оны өміріміздің ұстанымына айналдыра білсек,бізден керемет жастар болмаушы еді,- деп ойлаймын...

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Мұтанов Ғ. Әл-Фараби және қазіргі заман. - Алматы, 2014. - 233 б
- 2 Әл-Фараби. Философиялық трактаттар.-Алматы, 1972.
- 3 Машанов А. Әл-Фараби және Абай. - Алматы, 1989.
- 4 Абай және қазіргі заман: зерттеулер жинағы. -Алматы: Ғылым, 1994. - 336б.
- 5 <https://bilimdinews.kz> сайты

КИЕЛІ, ҚАСИЕТТІ- БАЯНАУЫЛ

Капкеш Н.Б.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Кентбек С.Қ.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
kapkeshovaan@mail.ru

Қазақ халқының болашағын болжаған, дала данасы Асан Қайғы бабамыз Баян тауын көргенде "Ат ерін алмайтын жер екен. Бір түней кетемін деген адам, бір жұма тоқтап қалады" деген екен.

Қазақстан тарихында барша Алаштың мақтанышына айналған, алтын арқаның құтты мекені атанып жүрген – Баянауылдың алар орны ерекше. Бүгін де өзінің қасиет дарыған киелілігімен талайды таңдай қақтырған, батырлар, аңыздар мен киелі әулие- әмбиелер мен дарындар өлкесінде ірі ру- тайпалық қауымдастықтардың (қаржас, айдабол, сүйіндік, күлік, орманшы т.б.), сан алуан халықтардың тарихи тағдырлары түйіскен мекенге айналғандығы белгілі.

Жердің жаннаты атанған қасиетті өлкеміз Алаштың талай жыр – шежіресіне арқау болған. Қай заманда болмасын, Баянауыл- қол бастаған батырларымен, сөз бастаған шешендерімен, қасиет қонған әулиелерімен, суырып-салма ақын-жырауларымен даңқты болғандығы баршамызға аян. Ал суының беті көпіршіктеніп жататын Сабынды көлге аңыз бойынша Баян сұлу сабынын түсіріп алған деседі.

Еліктірер табиғатымен талайды тамсандырған Баянауылда- көпшіліктің тілегін қабыл етуші, киесі мен иесі қатар жүретін Қоңырәулие үңгірі бар.

Қоңырәулие үңгірі өте көне дәуірден адамзат баласының Жаратқаннан тілек тілейтін орны болып табылады. Бұл жер мұқтаж жандарға арналған екен, яғни келуші адамдар құрбандық шалып, өз құлшылық амал- әрекеттерін жасайды. Қоңырәулие туралы атақты академик Әлкей Хақанұлы, әлемге әйгілі антрополог Михаил Герасимов, тұңғыш археолог Кемел Ақышев Қоңырәулие адам емес деген пікір білдіреді.

Қай атаң Еуропада, қай атаң Азияда жүруші еді, бұл пайғамбар- дейді. Яғни 124 мың пайғамбардың ішінде біреуі түркі нәсілінен болған. Орыстар “пророк Илья” дейді, қазақтар “Ілияс пайғамбар” дейді. Он сегіз мың ғаламның иесі Алла тағала Ілияс пайғамбарға қиямет-қайымға дейін ғұмыр беріпті. Сіз бен бізге батасы тиіп, тілеуімізді Аллаға жеткізсін деген. Ол кім көрінгеннің үйінде түнемейді, осындай үңгірлерде тұрады екен. Оны көріпкел, бақсылар, шырақшылар, ғұлама- ғалымдар, қарына ұзақ уақыт құрық ілген жылқышылар ғана көреді екен. Бір ұзын бойлы, қоңыр адамның кешкісін үңгірге кіріп, таңертең аяғы жерге тимей шығып бара жатқанын көреді екен. Содан Қоңыр деп атайды. Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбар: “Дін жетпіс ағымға бөлінсе де, ең тазасы Түркі мүминдеріне қалады” деп. “Неге?” дегенде, “ Оларды желеп- жебейтін Қызыр Ілияс тірі” деп айтқан. Жалпы Қоңырәулиеге қатысты он шақты аңыздың нұсқасы бар. Қоңырәулиенің атауымен әлемде сегіз жерде үңгір бар екен. Оның бесеуі Тұран даласында, бірі Баянауылда, екіншісі Абай мен Шәкәрім аталарымыз туған Семей даласында, одан кейін оңтүстік Қазығұрт тауында, Бадам сарқырамасы маңатында, Батыста, Жайықта бар. Қалған үшеуі Еуропада. [1,6-8 б.].